




5-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Ұлыбританиялық тарихи  
антропология





Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Ұлыбританиялық тарихи антропология  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

**Мақсаты:** «Тарихи антропология» құрамындағы басты мәселелердің бірі Ұлыбританиялық тарихи антропология мектебі. Бұл дәрісте Ұлыбритания жеріндегі тарихи антропологияның дамуы, оның көрнекті өкілдері, ғылымның ерекшеліктері туралы сөз қозғалады.

## Негізгі идеялары:

### 1. Ұлыбритан әлеуметтік антропологиясы

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Ұлыбританиядағы тарихи-антропологиялық дәстүр Франциядағыға қарағанда жасырақ, алайда ол толықтай дербес және арнайы назар аударуға лайық. Егер Францияда, жоғарыда айтылғандай, тарихтың әлеуметтік ғылымдармен (соның ішінде этнологиямен) диалогі идеясын «Анналар» мектебінің негізін қалаушылар ұсынған болса және едәуір деңгейде тарихшы-«анналистердің» келесі ұрпағы жүзеге асырса, Ұлыбританияда мұндай пәнаралық зерттеулер бастамасын әлеуметтік ғылымдар өкілдері, ең алдымен, антропологтар көтерді.

XX ғасырдың бірінші жартысында Бронислав Малиновский, Альфред Радклифф-Браун және Э.Э.Эванс-Причард сияқты британ әлеуметтік антропологиясы өкілдері бар әлемдік ғылымда лайықты деңгейде мойындалды. Ұлыбританияның өзінде осынау беделді ғалымдардың пікіріне тек әріптес-антропологтар ғана емес, гуманитарлық білімнің басқа да салаларының мамандары, соның ішінде тарихшылар да құлақ асты. Дегенмен, антропология мәтрлерінің тарихқа қарым-қатынасы біркелкі болған жоқ: екі дүниежүзілік соғыс аралығында Оксфордта әлеуметтік антропология кафедрасын басқарған А.Радклифф-Браун тарих пен антропология «мәдениетке байланысты деректерді пайдалану әдістерінің екі бөлек тәсілі» және оларды бір-бірімен араластырудың қажеті жоқ деп үзілді-кесілді мәлімдеді. Алайда Радклифф-Браунның осы қызметтегі ізбасары Э.Э.Эванс-Причард 1950 жылы-ақ бұл пікірге қарсы шығып, әрі қарай екі пәннің өзара жақындасуына айтарлықтай ықпал етті. Әсіресе оның Манчестер университетінде оқыған және 1961 жылы жарық көрген «Антропология және тарих» дәрісі үлкен резонанс тудырды.

Өзара ынтымақтастыққа шақырған бұл үндеуге тарихшылар көп ұзамай-ақ үн қатты: 1963 жылы «Past and Present» журналында Кит Томастың «Тарих және антропология» атты мақаласы жарық көрді, автор онда бұл тақырыпқа қызығушылығының оянуына Эванс-Причардтың жоғарыда аталған дәрісі ықпал еткенін мойындады. Антропологиялық әдебиетті оқи отырып, тарихшылардың өздеріне пайдалы талай нәрсе ала алатыны жөнінде мақалада бірқатар дәйектер келтірілген. К.Томастың пікірінше, антропологтардың еңбектерімен танысу бірінші кезекте тарихи шығармалардың қатаң түрде ғылыми сипатынан ауытқымауына, олардың көпшілігіне тән бос риторикадан арылуына мүмкіндік береді. Әлеуметтік антропологияның тарихшыларға беретін басты сабағы - зерттеу нысаны экономикалық, заңгерлік, әскери, т.б. тарих болып ыдырап кететін, өздері үшін дәстүрлі мамандануға қарама-қарсы, зерттелініп отырған қоғамды біртұтас дүние ретінде талдауға үйретуі еді. Мұнымен бірге, тарихшылар тек кітаптан оқи алатын құбылыстарды, мысалы, сиқыршылықты немесе туыстықтың архаикалық жүйесін тікелей зерттей отырып, антропологтар оларға жаңа түсініктемелер мен түсіндірмелер туралы ой салу, тасада қалып қойған бұрынғы өмір үрдістеріне (мифтер, рәсімдер, мерекелер, т.б.) назар аударту мүмкіндігіне ие.

К.Томастың өзі 60 жылдары жазған еңбектерінде, атап айтқанда, өнеркәсіпке дейінгі қоғамдағы еңбек пен демалыс туралы 1964 жылы жарияланған баяндамасына этнологтар байқаған нәрселерді көптеп кіргізді. Бұл ретте ол жалғыз болған жоқ: мысалы, 1959 жылы Э.Хобсбоум халық көтерілістерін зерттеу барысында этнографиялық материалды пайдаланды.

### 2. Ментальды тарих ерекшеліктері

Ментальдық тарихы дербес түрде Ұлыбританияда айтарлықтай дамып кетпегенін айтқан абзал; британдық әріптестердің көпшілігі Ла-Манштың арғы жағында ойлап табылған mentalite терминіне аса күмәнмен қарады. Осы жағдай мен әлеуметтік антропологияның қатты әсерінен Ұлыбританияда тарихи антропология өз атауымен өте ерте танылды (антропологиялық тәсіл танымал ментальдық тарихын жалауының астындағы ғана қолданыста бола алған Франциядан Ұлыбританияның айырмашылығы да осында). 1970 жылы британдық тарихшы және антрополог Алан Макфарлейн «Очерк исторической



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Ұлыбританиялық тарихи антропология  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

антропологии» тақырыпшасымен «Семейная жизнь Ральфа Джосселина, священника XVII века» кітабын шығарды. Пуритан Р.Джосселин күнделіктеріне негізделген бұл зерттеуді қатардағы қарапайым адамның әдеттен тыс өмірбаяны деуге болады. Авторды оның күнделікті өмірінің жай-жапсары: тұрмыстық әуре-сарсаңы, туыстық байланыстары, Құдай, күнә, т.б. туралы ойлары қызықтырады; дереккөздердің мәліметтері ауқымды этнографиялық материалдармен салыстырмалы түрде қарастырыла отырып, әлеуметтану және антропология терминдерімен талданады.

Тарихи-антропологиялық зерттеулер үшін келесі бір берекелі тақырып - дуалау пен сиқыр тарихы болды. Эссекс графтықтарының біріндегі XVI-XVII ғасырлардағы дуагерлікті аймақтық зерттеуді дәл сол Макфарлейн 10 жариялады, ал К.Томастың шамамен сонымен қатар шыққан іргелі монографиясы британдықтардың сол дәуірдегі халықтық наным-сенімдерін: сиқыр, сәуегейлік, рухтар мен перілерге сенім, астрология, т.б. зерттеуге арналды.

Зерттеу ауқымының әртүрлілігіне қарамастан (Макфарлейнде бір графтық, Томаста бүкіл ел), бұл кітаптарды тақырып ортақтығы ғана емес, сонымен бірге сөзсіз антропологиялық бағдар жақындастырады; екі автор да салыстыру үшін еуропалық емес қоғамдарға тән этнографиялық материалды пайдаланады. К.Томас тұжырымының жасалуына Б.Малиновский жұмыстары, соның ішінде, сиқыр мен дін ұғымдарын ажырату туралы айтылған осы антропологтың ұсынысы әсер етті. А.Макфарлейн кітабына алғысөзді 30 жылдары африкалық азанде халқы наным-сенімдеріндегі магия мен сиқыршылықты қарастырған Э.Э.Эванс-Причард жазды.

Макфарлейн жұмысын Р.Мандрудың осыдан екі жыл бұрын жарық көрген «Магистраты и колдуны» (қараңыз, 39-40 б.) атты зерттеуімен салыстыру қызық. Егер француз тарихшысы соттардың сиқыршылыққа айыпталған адамдарға қатынасының өзгеруін қарастырса, оның британдық әріптесі мәселеге басқаша қырынан келді: Эссекстегі дуагерлікке қатысты 500-ден астам хаттамалар негізінде А.Макфарлейн ауыл деңгейіндегі сиқыршыларға аңдуды зерттеді. Оны айыптаушы кім, ал дуагерлікке айыпталушы құрбаны кім болғаны қызықтырды. Автор дуагерлік үдерістер туыстар, көп жағдайда көршілер арасындағы дау-жанжалдардан туындаған, дуалаушылар арасында егде әйелдер басымдыққа ие, ал олардың жедігөйлігінен жапа шеккендер әдетте жасырақ болған, сондай-ақ ұрпақтар арасында шиеленістер болып отырған деген қортындыға келді.

Ауқымды және жан-жақты материалды, соның ішінде А.Макфарлейн зерттеулерін пайдалана отырып, К.Томас Англиядағы XVI-XVII ғасырлардағы толып жатқан дуагерлік үдерістердің сипаты мен себептері жөнінде едәуір жалпы қорытынды жасады: оның пікірінше, көбінесе әлеуметтік жағынан қорғалмаған адамдар: маңайындағылармен жанжалдасып, ортадан аластатылғандар (әдетте кедей әйелдер) дуагерлікпен айналысқан; көп жағдайда қара сиқыр әлсіздердің жалғыз қаруы болған. Мұның сыртында, автор қарастырылып отырған құбылысты сол дәуірдің әлеуметтік-экономикалық үдерістерімен, нақтырақ айтқанда, ауылдардағы өзара көмектің ортағасырлық жүйесінің құлдырауымен байланыстырады.

Тарихи зерттеулерде антропологиялық тәсілдің қолданылуы британдық ғылыми қауымдастық тарапынан бірден толықтай және сөзсіз қолдауға ие болды деуге болмайды. Бірқатар күмәндар да айтылды. Соның ішіндегі ең дәлелдісі - А.Макфарлейннің Джосселин жөніндегі және К.Томастың халықтық наным-сенім туралы кітабына байланысты Э.П.Томпсонның сын-пікір мақаласында келтірілді [100]. Аталған еңбектердің біріншісі жөнінде байсалды пікір білдіре отырып, Э.П.Томпсон екіншісін жоғары бағалады, алайда сонымен бірге, «бұл жетістігі К.Томастың қандай да бір жаңа тәсілдерді емес, зерттеудің дәстүрлі әдістерін шебер қолданғанының арқасы» деп атап өтті. Антропологияға қатысты айтар болсақ, XVII ғасырдағы Англияны XX ғасырдағы еуропалық емес әлеуметпен А.Макфарлейн сияқты тікелей салыстыру жөнсіз. Сын-пікір авторы тарихта антропологиялық ерекше тәсілдің бар екеніне тіпті күмәнданады; антропологиялық әдебиетті оқу тек тарихшы дүниетанымын кеңейтеді деуге болады, т.б. деген сияқты пікір айтады. Э.П.Томпсон пәндер арасындағы мұндай өзара ықпалдастықты құптауға дайын.

Атақты британ тарихшысының көзқарасын дұрыс түсіну үшін, 70 жылдардың басында Э.П.Томпсон антропологиялық тұрғыда және Англия этнологиясы бойынша материалдарды пайдалана отырып, соның ішінде XVIII ғасырдағы ағылшын жұртының «моральдық экономиясы» жөніндегі кеңінен танымал болған мақаласы мен ағылшындардың шаривариі (ауд - қайтадан тұрмыс құратындардың үйлену тойларындағы көңілді кеш) туралы зерттеуді де қолданып, бірнеше еңбектер жариялағанын ескеру маңызды. Кейінірек, XVIII ғасырдағы дәстүрлі британ қоғамы жөніндегі зерттеуін тереңдете келе, ол жаңа мәселелерді көтеру үшін, нормалар мен құндылықтар жүйесіне, салт-жоралар және т.б. мағынасына мән беруге келгенде «антропологиялық импульстің» пайдалы екенін ашық мойындады. Басқаша айтқанда, Э.П.Томпсон дәл мұндай антропологиялық бағдардағы тарихқа қарсы шыққан жоқ, ол тек әріптестерін антропология



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Ұлыбританиялық тарихи антропология  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

мәліметтерін абайлап қолдануға, тарихи контексті ескеруге шақырды.

### **Негізгі терминдер:**

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

### **Қосымша әдебиет:**

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.